



»» НОВОСТИ ГОРОДА



Сарань усиливает развитие инфраструктуры

Наш город посетил аким Карагандинской области Ермаганбет Булекпаев.

Отопительный сезон в Сарани проходит без перебоев, что подтвердило стабильную работу коммунальных служб. В городе также решён важный вопрос для жителей микрорайона Горняк — все дома подключены к центральному отоплению, которого ранее здесь не было на протяжении более чем двух десятилетий.

Параллельно продолжается благоустройство: модернизируются инженерные сети, ремонтируются дороги, обновляются системы водоснабжения и освещения.

Развивается и промышленный

сектор. В индустриальной зоне «Сарань» запускаются новые проекты, включая производство теплоизоляционных материалов. Расширяется завод по выпуску труб для жилищно-коммунальной сферы, газового хозяйства и водоснабжения. Здесь же завершается строительство малой промышленной зоны с готовой инфраструктурой, которая позволит бизнесу быстрее запускать производства и снижать затраты. Площадь малой промышленной зоны — 30 тысяч квадратных метров. Цель создания — развитие промышленности и поддержка МСБ.

Город последовательно движется вперёд, реализуя проекты, которые уже приносят ощутимые результаты.

Соб. инф.

»» ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТА

КҮН ТӘРТІБІНДЕ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР



2 сәуір күні қалалық мәслихаттың төрағасы Өміржан Баймағанбетовтің төрағалығымен Саран қалалық мәслихатының кезекті XXXIII сессиясы өтті.

Оның жұмысына қала әкімінің орынбасары Д.Арнешев, қала прокурорының орынбасары М.Бекмағанбетов, Саран қаласының ПБ бастығы, полиция полковнигі А.Сейтжанов, Ақтас кентінің әкімі Б.Аканов, қоғамдық кеңес және ардагерлер ұйымының төрағалары, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың басшылары, депутаттар қатысты. Сессия отырысында қалалық білім бөлімінің басшысы Ғалия Тохметованың «Қарағанды облысы білім басқармасының «Саран қаласының білім бөлімі» ММ басшысының 2025 жылғы жұмысы және 2026 жылға арналған жоспарлары туралы» дайындаған баяндамасы бірінші болып қаралды. Кейін «Сарантеплосервис» ЖШС бас директоры Сабит Жансағимовқа сөз беріліп, оның «Сарантеплосервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің 2025 жылғы жұмысы және 2026 жылға арналған жоспарлар туралы» жасаған баяндамасы тыңдалып, негізгі мәсе-

лелерге ерекше назар аударылды.

Одан бөлек күн тәртібінде: «Бюджет, экономика, кәсіпкерлік, әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының 2025 жылғы атқарылған есебі туралы», «Коммуналдық шаруашылық, өнеркәсіп, құрылыс, көлік және экология, заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының 2025 жылғы атқарылған есебі туралы», «2023-2025 жылдары депутаттық сауалдарды орындау туралы», «Саран қаласы әкімдігі жанынан құрылған үйлестіру кеңестерінің, қалалық комиссиялардың, қалалық кеңестердің дербес құрамдарын бекіту туралы» Саран қалалық мәслихатының 2025 жылғы 18 желтоқсандағы 30 сессиясының № 264 шешіміне өзгертулер енгізу туралы» мәселелері қаралды. Әрі қалалық мәслихаттың жұмыс жоспарына сәйкес кезекті XXXIV сессияға енгізілетін мәселелер қарастырылды.

Сессия барысында аталған баяндамалар негізінде тиісті шешімдер қабылданды. Дауысқа салынып, бір ауыздан қабылданды.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

»» МАРАПАТ

КӨП БАЛАЛЫ АНАҒА «АЛТЫН АЛҚА» ТАБЫСТАЛДЫ



7 сәуір күні Саран қаласының әкімдігінде көп балалы ана Райса Атырауова «Алтын алқа» алқасымен марапатталды.

Саран қаласы әкімінің орынбасары Сағынбек Бейсекеев «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапаттау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 26 ақпандағы № 1184 Жарлығына сәйкес жеті құрсақ көтерген

аяулы ана Райса Атырауованы «Алтын алқа» алқасымен марапаттады.

Көп балалы ана Саран қаласына осыдан екі жыл бұрын Түркістан облысы, Келес ауданынан көшіп келді. Үйдің тұңғышы – 17 жастан асқан студент болса, кенже баласы – бір жастан үш ай асты.

Ананың балаларына деген мейірімі шексіз. Әр балаға көңіл бөлуге тырысып, бір-біріне мейірімді, қамқор болуға тәрбиелейді. Аз уақыт

өтсе де отбасы мүшелері Саран қаласына бауыр басуға үлгерген. Ортаңғы балалары – Абай атындағы жалпы білім беретін мектепте білім алуда.

Көп балалы ананың айтуынша, балалары өте бауырмал. Ол жас аналарға қандай жағдай болмасын сабырлы болуға, балаларға деген мейірімділікті ешқашан ұмытпауды кеңес етеді. Райса Атырауова атап өткендей: «Аналар - сабырлы болса, бәріне жетеді».

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

» ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТИП

АҚТАСТА «ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ



«Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығында «Халық заңгері» акциясы өткізілді.

Оған Саран қаласы прокуратураның орынбасары Марат Бекмаганбетов, полиция бөлімінің, құқық қорғау органдарының өкілдері, заңгер, нотариус және басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлері қатысты. Акцияға тек Ақтас кентінің тұрғындары ғана емес, сондай-ақ Саран қаласының тұрғындары да келіп, тегін құқықтық кеңестер алды.

- Мұндай акцияларды жиі-жиі өткізу керек. Себебі халық заң

ретінде көп нәрсені түсінбейді, көбісі білмейді. Мысалы, әрбір заң шыққан кезде әр адам оны өз түсінігіне қарай талқылайды. Осындай заңгерлер болғанда, прокурорлар, олар толықтай заңды қалай түсіну керектігін бәрін түсіндіріп береді. Сондықтан менің ойымша осындай акциялар өте қажет, өте маңызды. Айына бір рет өткізіп тұрса жақсы болушы еді,- деді Саран қаласының тұрғыны Асет Акимбек.

Халық арасында игі шараға айналып үлгерген акцияны мамыр айында өткізу жоспарлануда.

Дина ӘБДИҒАЛИЕВА

» КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР БАҚ СЫНАДЫ



Саранда «Кітап оқитын ұлт» зияткерлік-ағартушылық жобасының «Кітап оқитын мемлекеттік қызметші» атты бағыты бойынша облыстық байқаудың қалалық кезеңі өтті.

«Кітап оқитын ұлт» жобасы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда айтқан тұжырымдамасы негізінде жүзеге асырылады. Оның аясында «Кітап оқитын мектеп», «Кітап оқитын колледж», «Кітап оқитын университет», «Кітап оқитын педагог», «Кітап оқитын әулет», «Кітап оқитын мемлекеттік қызметші» деп аталатын 6 бағыт бойынша байқау өткізіледі. Таяуда ғана Саран қаласының мемлекеттік қызметшілері облыстық байқаудың қалалық кезеңіне қатысты.

- Бұл жоба алғаш рет өткізілуде. Еліміз бойынша Қарағанды, Қостанай облыстарында және Шымкент қаласында өтуде. Жалпы, облыс көлемінде бір уақытта басталып, бір уақытта аяқталыны. Бүгін бізде мемлекеттік қызметшілер арасында жобаның қалалық деңгейі өтті. Байқаудың ережесіне сәйкес 15 кітап оқу керек болды. Ол 15 кітаптың ішінде қазақ лигасына бөлек 15 кітап, орыс лигасына бөлек 15 кітап берілді. Ол жерде көркем әдебиет, психология секілді кітаптар тізімі бар, - деді Саран қаласының мемлекеттік қызметшілер санатының үйлестірушісі Альбина Нұрмаханова.

Мемлекеттік қызметшілер бұл байқауға алты айдан артық дайындалды. Берілген тізімдегі туындылармен танысып, оқып шығып, 2 сәуір күні Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп қабырғасында онлайн-тестілеуден өтті.

- Бізге «Кітап оқитын ұлт» жобасы ұсынылды. Біз оған қатты қызығушылық таныттық. Қыркүйек айынан бастап дайындалып, оқи

бастадық. Мен 15 кітапты желтоқсан айында оқып шықтым. Тек қысқаша мазмұнын ғана емес, толығымен оқыдым... Негізі, маған барлық кітаптар қатты ұнады. Әріқарай да байқауға қатысқым келер еді. Бүгін біз өз білімімізді сынап көрдік. Бірнеше қателіктер жібердім, қай жерде қателескенімді де өзім біліп тұрмын, аздап асығыстыққа жол бердім, - деді «Ақтас кенті әкімінің аппараты» ММ бас маман-бухгалтері Юлия Башук.



Тестілеу барысында қатысушылар екі топқа: қазақ тілді және орыс тілді лигаға бөлінді. Барлық қатысушыларға ортақ талап қойылды. Ұялы телефондарын өткізіп, 30 минут ішінде 30 сұраққа нақты әрі мүдірмей жауап беруі тиіс еді. Бірі жылдам, енді бірі байыппен жауап беріп, соңғы жарты жылда оқыған кітаптары негізінде білімдерін сынап көрді.

- Бұл байқауға бірінші рет қатысып отырмын. Өзіміздің білімімізді сынауға келдік. Мұндай байқаулар бізге өте тиімді деп ойлаймын. Біздің білімімізді арттырады, қандай деңгейде екенімізді көрсетеді. Барлық қатысушыларға сәттілік тілеймін, - деді

қазақ тілді лигада ең жоғары ұпай жинаған Ақтас кенті әкімінің орынбасары Марғұлан Анаев.

- Ұсынылған 15 кітап маған жалпы дамуға көп көмектесті... Өз басым, қатысушыларға ұнады деп ойлаймын. Бұл жоба өте пайдалы, тиімді әрі қажет, мемлекеттік қызметшілер үшін де, республикамыздың барлық тұрғындары үшін де, - деп орыс тілді лигада онлайн-тестілеуден жоғары ұпай жинаған «Саран қаласы әкімінің

аппараты» ММ бас инспекторы Эленора Нехорешева өз пікірін білдірді.

Қала көлеміндегі мемлекеттік қызметшілер арасында оқу мәдениетін қалыптастыру және тұрақты кітап оқуға ынталандыру мақсатында өткен байқаудың нәтижесі «Достық үйі» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында жария етілді.

Салтанатты түрде өткен марапаттау рәсімінде «Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының м.а. Мұхаммедрахым Әрнешов жеңімпаздар мен жүлдегерлерге қаржылай сертификаттар, дипломдар, хакім Абайдың қара сөздері жазылған кітаптар және естелікке «Кітап оқитын ұлт» мемлекеттік қызметші» деген жазуы бар мүсіншелерді табыс етті. Сонымен қатар, байқауға қатысқан мемлекеттік қызметшілерді сертификаттармен марапаттады.

Қазақ және орыс тілді лиганың қатысушылары ішінде үздік деп танылған үштік Қарағанды қаласында өтетін облыстық байқауға Саран атынан шығатын болады.

Дина ӘБДИҒАЛИЕВА



» ТАЗА АУЛА - ТАЗА ҚАЛА

ТАЗАЛЫҚ ӘРКІМНЕН БАСТАЛАДЫ



4 сәуір күні Қарағанды облысы бойынша жалпы облыстық сенбілік өтті.

Облыстық сенбілік барысында тұрғындар қаламыздың көркеюіне өз үлесін қосып, аулаларын қыстан қалған қоқыс-қалдықтардан тазартты. Тіпті, кейбір аулаларда ақтау жұмыстары жүргізіліп, ағаштардың түптері қопсытылды.

- «Тазалық – денсаулық кепілі» демекші, жыл сайын өзіміз сенбілікке шығамыз. Балаларымыз көп болғандықтан осы жерде таза ауада, таза жерде ойнағанын қалаймыз. Балаларды да тазалыққа үйретеміз, - деді Саран қаласының тұрғыны, көп балалы ана Хажет Оналсын.

Бұл күні 106 кентте ерекше көңіл-күй орнады. Тазалық жұмыстарына ересектермен бірге балалар да бірге шығып, қоршаған ортаның таза болуына атсалысты. Қаптардың іші қоқысқа толып, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» демекші, сенбілік жұмыстары



аяқталғаннан кейін игі шараға белсене қатысқандарға жомарт жандардың демеушілігімен тегін балмұздақтар берілді.

- Жыл сайын осындай «Таза Қазақстан» науқанын жасап тұрамыз. Тек қана қар ерігеннен кейін бір рет қана шығып тұрмаймыз. Жаз бойы өзіміз

шығып тұрамыз. Өйткені менің ойымша, таза айнала – адамның ішкі дүниесінің тазалығының белгісі. Сонымен қатар балаларды да осыған баулимыз. Биылдан бастап барлық осы науқанға қатысқан балаларға біз тегін балмұздақ таратамыз деп шештік. Демеушілер де табыла кетті, - деді 106 кентінің тұрғыны Айсұлу Алтынова.

Қала бойынша облыстық сенбілікке 165 ұжым және шамамен 5000 тұрғын қатысты. Сенбілік барысында 16 арнайы техника жұмылдырылып, 40 гектар жер қоқыстан тазартылды. Жалпы 1250 тонна қоқыс шығарылды. Тазалық жұмыстарына ұстаздар мен оқушылар, көрші-қолаң, жанұя мүшелері және тағы басқа да қала тұрғындары жұмыла

лары болсын, ата-аналары болсын осындай жұмыстарды жақсы қолдайды. Біз өзіміздің еліміз, Отанымыздың тазалығы үшін ерінбей осындай тазалық жұмыстарына үлес қосуға әрқашан дайынбыз, - деді Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің директоры Гүлден Серикова.

Сондай-ақ, Абай атындағы жалпы білім беретін мектепте облыстық сенбіліктен бөлек оқушыларды табиғатты аялауға, қоршаған ортаны қорғауға баулу мақсатында басқа да экологиялық іс-шаралар өтіп тұрады. Одан бөлек, облыстық сенбілікте «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, аула көршілері де бірігіп, тұрып жатқан көп қабатты үйдің маңайын бей-берекет тасталған қоқыстардан тазартты.

- Біздің подъезд тату. Подъездің ішінде жинап тұрамыз. Жыл сайын ауланы тазалап тұрамыз. Ең алдымен, өзіміз үшін жасаудамыз. Қаламыздың таза болғаны бізді қуантады, - деді Саран қаласының тұрғыны Алмагүл Абсамова

- Жинау керек, ретке келтіру керек, бұл бірден қалаға жан бітіреді. Бұл біз үшін тазалықтың тынысы. Біз қаланың жайлы, таза және ұқыпты болғанын қалаймыз. Біз осында тұрамыз, сондықтан оны өзіміз үшін жасаймыз, - деді Саран қаласының тұрғыны Елизавета Базова.

«Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі берген мәліметке сүйенсек, облыстық сенбіліктің нәтижесінде 12 рұқсат етілмеген қоқыс полигоны жойылды. Шамамен 350 ағаштың қурап қалған бұтақтары кесілді.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

» МАҢЫЗДЫ

2024 жылға арналған жылдық қаржылық есептілік пен жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есепті Депозитарийге ұсынбаған қоғамдық мүдделілік ұйымдарына қатысты қабылданған әкімшілік сипаттағы шаралар туралы ақпарат

Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 Заңының (бұдан әрі – Заң) 19-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қаржылық есептілік депозитарийін құру жөніндегі шаралар туралы» 2008 жылғы 23 желтоқсандағы №1228 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен қаржылық есептілікті тапсыратын қоғамдық мүдделілік ұйымдары үшін қаржылық есептілік депозитарийі құрылған. Депозитарий – бұл ұйымдар жыл сайын ұсынатын жылдық қаржылық есептілік пен аудиторлық есептерді, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты қамтитын, пайдаланушылар үшін ашық қолжетімді электрондық деректер базасы (www.dfo.kz веб-сайты).

Заңның 1-бабына сәйкес, қоғамдық мүдделілік ұйымдар (бұдан әрі – ҚМҰ) деп мыналар танылады: қаржы ұйымдары (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензиясы негізінде қызметін тек айырбастау пункттері арқылы

жүзеге асыратын заңды тұлғаларды, кредиттік серіктестіктерді және шаруашылық серіктестік нысанында құрылған ломбардтарды, сондай-ақ «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген кепілсіз микрокредиттерді ұсынбайтын, шаруашылық серіктестік нысанында құрылған микроқаржылық ұйымдарды қоспағанда), нысаналы капитал қорлары, акционерлік қоғамдар (коммерциялық емес ұйымдарды қоспағанда), жер қойнауын пайдаланушы ұйымдар (жалпы таралған пайдалы қазбаларды өндіретін ұйымдарды қоспағанда), астық қабылдау кәсіпорындары, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы құрылыс салушылар, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыратын уәкілетті компаниялар, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік монополия, арнайы құқық субъектілері, сондай-ақ жарғылық капиталында мемлекеттің қатысу үлесі бар ұйымдар және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олармен аффилирленген еншілес, тәуелді және өзге де заңды тұлғалар. Қарағанды об-

лысы бойынша депозитарий деректер базасында 347 қоғамдық мүдделілік ұйым тіркелген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы №94 бұйрығымен бекітілген ҚМҰ-ның қаржылық есептілікті депозитарийге тапсыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 3-тармағына сәйкес, есепті кезең ішінде қызметін жүзеге асырмаған және есепті жылдың 1 қаңтарына дейін банкрот деп жарияланған ұйымдарды қоспағанда, ұйымдар жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей депозитарийдің интернет-ресурсы арқылы депозитарийді жүргізу жөніндегі уәкілетті ұйымға жылдық қаржылық есептілікті ұсынуға міндетті.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті 2025 жылы қаржылық есептілікті депозитарийге уақтылы ұсынбағаны үшін 70 ҚМҰ әкімшілік жауапкершілікке тартты, салынған айыппұлдың жалпы сомасы 20 326,2 мың теңгені құрады. Аталған әрекеттер Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 239-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық құрамына жатады, яғни Қағидаларда белгіленген мерзімдерде уәкілетті ұй-

ымға қаржылық есептілікті ұсынбау болып табылады. Атап өту қажет, олардың 6-уы аталған Кодекстің 239-бабының 2-бөлігі бойынша, яғни қайталанған құқық бұзушылық ретінде әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жоғары мөлшердегі жауапкершілік шаралары қолданылған.

Қазіргі уақытта 62 ҚМҰ бойынша 17 495,2 мың теңге (86%) сомасында айыппұл өндірілген.

Қағидалардың 6-тармағына сәйкес, ҚМҰ уәкілетті ұйымға электрондық форматта аудиторлық есепті де ұсынуға міндетті. Қаржылық есептіліктің міндетті аудитін жүргізуден жалтарғаны және аудиторлық есепті депозитарийге ұсынбағаны үшін 52 ҚМҰ Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 250-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 2 172,4 мың теңге сомасында айыппұл салынған.

Қазіргі уақытта 45 ҚМҰ бойынша 1 759,6 мың теңге (80,9%) мөлшерінде айыппұл өндірілген.

А. Абеуова,
Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бас маманы-мемлекеттік аудитордың ассистенті

» ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП



Тергеуші - қоғамдағы әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз ететін маңызды мамандық иесі



Жыл сайын атап өтілетін Тергеушілер күні - осы жауапты қызметті абыроймен атқарып жүрген мамандарға құрмет көрсететін ерекше мереке.

Тергеушінің қызметі - тек қылмысты ашумен шектелмейді. Бұл - үлкен жауапкершілік, терең білім, сабырлық пен әділдікті талап ететін күрделі жұмыс. Әрбір іс - адамның тағдыры, әрбір шешім - заң аясындағы әділдік таразысы. Сондықтан тергеуші кәсібі - үлкен кәсіби біліктілікпен қатар, адами қасиеттерді де талап етеді.

Қазіргі таңда тергеу саласында ер азаматтармен қатар, әйел тергеушілер де табысты еңбек етіп келеді. Олар нәзіктік пен қайсарлықты үйлестіре отырып, күрделі істерді кәсіби деңгейде жүргізіп,

құқық қорғау саласының дамуына зор үлес қосуда.

Әйел тергеушілердің табандылығы мен жауапкершілігі - жастарға үлгі. Тергеушілердің күнделікті еңбегі оңай емес. Қылмысты ашу, дәлелдер жинау, сараптама жүргізу - барлығы үлкен шыдамдылық пен уақытты талап етеді. Көп жағдайларда тергеушілер жеке уақыттарын құрбан етіп, қоғам тыныштығы үшін қызмет етеді.

Тергеушілер күні қарсаңында барлық сала ардагерлері мен қызметкерлеріне зор денсаулық, отбасына амандық, қызметтеріне табыс тілейміз. Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі жолындағы еңбектеріңіз әрдайым жоғары бағаланып, абыройларыңыз асқақтай берсін!

Ж. ДЖУМАШЕВА,
Саран қаласының ПБ

» ЗАКОН И ПОРЯДОК



Ветеран миграционной службы - пример преданности и профессионализма



Служба в миграционной полиции - это не просто работа, а важная государственная миссия, требующая высокой ответственности и принципиальности. Миграционная служба играет важную роль в обеспечении правопорядка, стабильности и безопасности государства. Это одно из ключевых направлений деятельности правоохранительных органов, требующее высокой ответственности, профессионализма и преданности служебному долгу.

Ветераны миграционной службы МВД - это люди, которые посвятили многие годы обеспечению законности, правопорядка и стабильности в сфере правопорядка.

За плечами ветерана миграционной службы Баекесовой Натальи Климовны - богатый опыт, тысячи решенных задач и непростых ситуаций. В условиях постоянных изменений законодательства, роста миграционных процессов и высокой нагрузки, она

достойно выполняла служебный долг, оставаясь верным присяге и служебным принципам.

Даже находясь на заслуженном отдыхе, Наталья Климовна продолжает оставаться частью большой профессиональной семьи, передавая свои знания и поддерживая молодое поколение. За ее плечами - годы безупречной службы, богатый практический опыт и глубокое знание законодательства. Эти знания и сегодня остаются востребованными.

Уважаемые ветераны и действующие сотрудники миграционной службы! Примите искренние поздравления и слова глубокой благодарности за ваш труд, преданность службе. Желаем вам крепкого здоровья, семейного благополучия, успехов в службе и новых достижений! Пусть вас всегда окружает уважение, забота и признание, а в семьях царят мир, тепло и счастье!

Ж. ДЖУМАШЕВА,
Инспектор ГИП ОП г. Сарани

» ПРАВО

Суд — это не только приговоры: примирение сторон и медиация



Когда речь заходит о суде, у большинства людей возникают ассоциации с приговорами, строгими решениями и затяжными спорами. Однако современное правосудие — это не только вынесение судебных актов. Всё чаще суд становится площадкой для мирного урегулирования конфликтов, где главная цель — не победа одной стороны, а восстановление справедливости и согласия.

Одним из таких инструментов является примирение сторон и медиация.

Что такое медиация?

Медиация — это альтернативный способ разрешения спора при участии нейтрального посредника — медиатора. Его задача не вынести решение, а помочь сторонам услышать друг друга, найти компромисс и прийти к взаимоприемлемому соглашению.

В отличие от классического судебного разбирательства, где итог определяет судья, при медиации стороны сами принимают решение, контролируя результат спора.

Когда применяется примирение?

Примирительные процедуры возможны по многим категориям дел:

- гражданские споры;
- семейные конфликты;
- трудовые разногласия;
- отдельные административные и уголовные дела небольшой и средней тяжести.

Особенно эффективно примирение в делах, где между сторонами существуют или сохраняются длительные отношения: родственники, супруги, соседи, коллеги.

Роль суда в примирении сторон

Суд не только рассматривает дела по существу, но и разъясняет сторонам право на примирение, предоставляет время для переговоров, утверждает достигнутые соглашения. Судья, сохраняя беспристрастность, способствует тому, чтобы конфликт был разрешён законно и справедливо.

Утверждённое судом соглашение имеет юридическую силу и подлежит обязательному исполнению, как и судебное решение.

Преимущества медиации

Примирение сторон имеет ряд неоспо-

римых плюсов:

- экономия времени и средств;
- снижение эмоционального напряжения;
- конфиденциальность процесса;
- сохранение человеческих и деловых отношений; добровольность и осознанность принятого решения.

Для суда это также важный шаг к снижению нагрузки и повышению доверия граждан к судебной системе.

Суд — пространство диалога

Сегодня суд — это не только место, где выносятся решения «именем Республики Казахстан». Это пространство диалога, ответственности и правовой культуры. Возможность договориться — признак зрелого общества, где закон служит не инструментом давления, а средством гармонизации общественных отношений.

Примирение сторон показывает: правосудие может быть не только строгим, но и человечным. Ведь главная задача суда — не усугубить конфликт, а помочь найти справедливый выход из него.

Д. ОКАСОВА,
главный специалист
Саранского городского суда

» ОЧС ИНФОРМИРУЕТ

ДАЧНЫЙ СЕЗОН

С наступлением пожароопасного периода возрастают случаи пожаров и загораний на территории дачных участков, огородов, индивидуальных жилых домов. Напоминаем всем дачникам требования правил пожарной безопасности.

Содержание домиков, подсобных строений и территории:

- Чердачные помещения необходимо содержать в чистоте и порядке;
- Окна должны быть остеклены и закрыты. Двери и люки, ведущие на чердак, должны находиться в закрытом состоянии;
- Территория должна постоянно содержаться в чистоте и очищаться от мусора;
- На территории дачных обществ должны устанавливаться звуковые сигналы для оповещения людей на случай пожара;
- Ко всем строениям должен быть обеспечен свободный доступ;
- На территории дачных обществ у въездных ворот на видном месте должны быть установлены щиты с ин-

струкциями о мерах пожарной безопасности;

- В летний период в каждом дачном обществе организуется круглосуточное патрулирование по соответствующему графику;

- Председатели дачных обществ и владельцы участков, виновные в нарушении правил пожарной безопасности, несут ответственность в установленном законом порядке.

Запрещается:

- загромождать выходы из помещений;
- возводить постройки различного рода без разрешения правления дачного общества и предварительного согласования с органами архитектурно-строительного, санитарного и пожарного надзора;
- производить электрогазосварочные работы без предварительной очистки места сварки от горючих материалов и без обеспечения места сварочных работ первичными средствами пожаротушения;
- хранить ЛВЖ и ГЖ в домиках;
- курить и пользоваться открытым



огнём в местах хранения горючих материалов;

- утеплять чердачные перекрытия сгораемыми материалами;

- разводить костры и выбрасывать незатушенный уголь и золу вблизи строений.

За нарушение правил пожарной безопасности предусматривается административная ответственность по статье 336 Кодекса РК «Об административных правонарушениях»: несоблюдение требований по охране атмосферного воздуха и пожарной безопасности при складировании или

сжигании отходов влечет штраф в размере 20 МРП.

Действия на случай возникновения пожара:

При возникновении пожара действия по его тушению должны быть направлены в первую очередь на обеспечение безопасности при эвакуации людей, недопущение распространения огня на соседние постройки.

При обнаружении пожара необходимо сообщить в пожарную охрану по номеру 101, указать точный адрес пожара.

ОЧС г. Сарани

Правила использования электроприборов



Причинами пожара из-за неправильного использования электрооборудования могут быть бытовые электроприборы, электропроводка, электрические розетки, выключатели. Бытовые приборы могут вызвать пожар при технической неисправности прибора, в результате чего внутри прибора происходит короткое замыкание.

Часто происходит короткое замыкание электрических чайников, утюгов, электроплит, микроволновых печей. Поэтому для предотвращения пожаров запрещается оставлять без присмотра электрические чайники, электрические плиты, телевизоры, стиральные машины и другие электроприборы, подключенные к сети. Электропроводка при длительной эксплуатации значительно изнашивается, теряется свойство изоляции. Поэтому электропроводку в доме следует менять через определенное время после начала эксплуатации. Не допускается использование электропроводки с поврежденной изоляцией, поврежденными розетками и выключателями. Электропроводка должна устанавливаться на негорючем основании или в специальных кабельных каналах. Это может быть текстолит, паронит, асбест или другой негорючий материал. Запрещается устанавливать провода или розетки на дерево или обои, что является нарушением правил пожарной безопасно-

сти. Очень важным и основным мероприятием в обеспечении пожарной безопасности при эксплуатации электропроводки и электроприборов является использование устройств, защищающих от перегрузок и короткого замыкания электросети. Это могут быть автоматические или плавкие предохранители. При коротком замыкании или перегрузке электрических сетей или электроприборов предохранители срабатывают, разгружают электрическую сеть и таким образом предотвращают развитие горения. Поэтому в защитных устройствах запрещается использовать некалиброванные вставки, т. е. так называемые «жучки» из проволоки или без защиты электрической сети от аварийных режимов работы. Все устройства защиты от короткого замыкания и перегрузки имеют показания тока и другие параметры. Поэтому следует обратиться к квалифицированному электрику, чтобы выбрать правильные предохранители.

Никто не застрахован от возникновения пожара. Однако пожар можно предотвратить, если соблюдать все меры правил пожарной безопасности и соблюдать осторожность при использовании огня. Важно помнить, что материальный ущерб, нанесенный пожаром, может быть в сотни и тысячи раз больше, чем затраты на приведение вашего дома в пожаробезопасное состояние.

ОЧС г. Сарани

Правила поведения в пожароопасный период



С наступлением сухой теплой и ветреной погоды резко увеличивается количество выездов подразделений пожарной охраны на тушение сухой растительности и мусора.

Сухая растительность может легко воспламениться от оставленного без присмотра костра, непотушенной сигареты или случайно брошенной спички. Горение сухой растительности – процесс неуправляемый, он быстро распространяется, особенно в ветреную погоду.

Остановить разгоревшуюся сухую траву бывает очень непросто. Возникает опасность перехода огня на строения и лесные массивы.

Чтобы сохранить их, а также предотвратить опасность жизни людей, необходимо неукоснительно соблюдать правила пожарной безопасности:

- заблаговременно очищайте

территорию от сухой травы и мусора;

- не допускайте свалки мусора на территории жилых построек, а также вблизи лесных массивов;

- не сжигайте мусор у жилых домов, на дачных участках и в лесных массивах;

- в пожароопасный период ограничьте выезд в лес, не разводите костры и не используйте открытый огонь, не бросайте тлеющие окурки;

- всячески пересекайте игры детей с огнем;

- сжигание сухой травы производите в специально отведенных местах и под пристальным контролем;

- не оставляйте незатушенный костер, его необходимо тщательно залить водой или засыпать песком.


Уважаемые горожане!

Соблюдайте правила пожарной безопасности.

ОЧС г. Сарани

» АКТУАЛЬНО

Вирусный гепатит А и меры профилактики



Вирусный гепатит «А» – широко распространенное инфекционное заболевание, вызываемое вирусом. Протекает заболевание с общей интоксикацией и преимущественным поражением печени. Источником инфекции является больной человек или здоровый вирусоноситель. Характерна осенне-зимняя сезонность. Гепатитом А болеют люди всех возрастов, но чаще дети старше одного года и взрослые до 30 лет.

Как происходит заражение вирусным гепатитом А и почему?

В окружающую среду вирус в основном попадает с фекалиями, главный путь заражения – фекально-оральный, когда заражение происходит при попадании вируса в организм человека через гряз-

ные руки, пищевые продукты и воду, при контакте с больным человеком в быту, при пользовании общей столовой посудой. Также заражение может передаваться через воду, после загрязнения канализационными стоками водопроводной воды.

Чаще всего заражение вирусом гепатита «А» происходит в конце инкубационного периода и в течение преджелтушного периода.

Признаки заболевания.

От момента заражения до появления первых признаков заболевания проходит в среднем 35 дней. Начало заболевания или преджелтушный период, который может длиться от нескольких дней до 2-3 недель проявляется в виде гриппоподобного варианта, а также может быть в виде диспепсических и

астеновегетативных проявлений. Характеризуется общей слабостью, головной болью, потерей аппетита, умеренным повышением температуры (37°-38,5°), тошнотой, иногда рвотой, ноющими болями в верхней части живота (в правом подреберье), болями в суставах, зудом кожи. Спустя 2-4 дня появляется в первую очередь желтушная окраска склер глаз, кожи, нижней поверхности языка, в дальнейшем моча больного темнеет, приобретая цвет пива или крепкого чая, а кал, наоборот, становится бесцветным. Бывают и бессимптомные формы заболевания, но, в то же время, человек остается заразным для других людей.

Своевременная диагностика гепатита А позволяет скорее начать лечение и не допустить заражения окружающих.

Исход болезни обычно благоприятный. Перенесенное заболевание оставляет стойкий пожизненный иммунитет.

Меры профилактики гепатита «А»:

- соблюдение правил личной гигиены (мыть руки с мылом как можно чаще, особенно перед едой, перед приготовлением пищи, после посещения туалета);
- фрукты, овощи, зелень и ягоды тщательно мыть проточной водой с последующим ополаскиванием кипяченной водой;
- не заглатывать воду при купа-

нии в открытых водоемах;

- использовать для питья кипяченую и бутилированную воду;
- пользоваться индивидуальной посудой;

- не разрешать детям брать руки в рот, с детства приучать их к соблюдению правил личной гигиены.

- отказ от вредных привычек (обмен жевательной резинкой, откусывание от общего куска, курение 1 сигареты на два человека)

- использовать индивидуальные предметы ухода (постельное белье, полотенце, зубные щетки, маникюрный набор, носовые платки)

- одним из действенных мер профилактики вирусного гепатита «А» является иммунизация. В плановом порядке вакцинация проводится детям в возрасте двух лет, 2-хкратно с интервалом 6 месяцев. По эпидемиологическим показаниям проводится вакцинация контактных лиц в очагах вирусного гепатита А в возрасте до 14 лет включительно, в первые 2 недели от момента контакта.

Предупредить это заболевание легче, чем лечить, поэтому желательно заранее обезопасить себя с помощью вакцинации и соблюдения, элементарных правил личной гигиены.

РГУ «Саранское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля»

ОСТОРОЖНО! Сезон клещей

С наступлением весеннего периода и повышением температуры воздуха активизируются иксодовые клещи. Это мелкие паукообразные насекомые, размером со спичечную головку, активные с весны до осени, которые питаются кровью теплокровных животных, а также человека и могут переносить опасные заболевания, такие как клещевой энцефалит, туляремию, боррелиоз. Наш регион эндемичен по туляремии. Природные очаги клещевого энцефалита исторически фиксировались в Абайском, Бухар-жырауском районах и окрестностях г. Караганды.

Они обитают в траве и кустарниках, не прыгают с деревьев, а цепляются снизу. Клещи наиболее активны утром и вечером. В жару и дождь клещи обычно не нападают. Защита включает закрытую одежду, использование репеллентов и осмотры.

Основные факты о клещах.

- Места обитания: Предпочитают влажные, затененные места, высокую траву, кустарники, лесные тропинки.

-Время активности: Пик прихо-

дится на май-июль, но укусы случаются с апреля по октябрь.

- Как нападают: Клещи не умеют прыгать и летать. Они сидят на траве или кустах (не выше 1-1,5 метров), ждут жертву и цепляются, когда человек проходит мимо.

Опасность укуса: Сам укус часто безболезнен из-за анестезирующих веществ в слюне, поэтому его сложно заметить сразу.

Переносимые болезни: Клещи переносят клещевой энцефалит и боррелиоз (болезнь Лайма), туляремию.

Как защититься от клещей.

1. Одежда: Надевайте светлую одежду (на ней проще заметить клеща), заправляйте брюки в носки, рубашку - в брюки, носите головной убор.

2. Акарицидные репелленты: Используйте спреи, отпугивающие клещей.

3. Осмотры: Каждые 1-2 часа на прогулке и сразу после возвращения домой осматривайте себя, детей и домашних животных.

4. Поведение: Избегайте высокой травы, держитесь середины тропинок.



Что делать, если укусил клещ.

- не паниковать: Не все клещи опасны.

-удалить как можно быстрее: Чем дольше клещ сосет кровь, тем выше риск заражения. Лучше обратиться в ближайшее лечебное учреждение, травм. пункт.

- как вытащить самостоятельно: Используйте пинцет захватив клеща максимально близко к коже и аккуратно выкрутите его против часовой стрелки. Старайтесь не раздавить насекомое, чтобы в рану не попали слюна, чтобы исключить

инфицирование.

-после удаления: Обработайте место укуса антисептиком. Клеща рекомендуется сдать в лабораторию.

-наблюдение: В течение месяца следите за самочувствием. При повышении температуры, слабости, появления сыпи или пятен (эритемы), немедленно обратитесь к врачу.

РГУ «Саранское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля»

СВЕТЛАЯ ПАМЯТЬ



С 2016 года Любовь Николаевна работала в КГУ «ОШ № 6». За годы своей трудовой деятельности она проявила себя как ответственный, добросовестный и преданный своему делу специалист. Её вклад в организацию работы кабинета физики, помощь учителям и забота об образовательном процессе были неоценимы.

Помимо профессиональной деятельности, Любовь Николаевна активно участвовала в общественной жизни школы. Она являлась членом профсоюзного комитета, входила в состав попечительского совета, принимала живое участие в мероприятиях, поддерживала инициативы коллег и вносила значительный вклад в развитие школьного коллектива.

Её жизнелюбие, энергия, доброжелательность и умение находить общий язык с каждым навсегда останутся в памяти всех, кто имел счастье её знать и работать рядом с ней.

Светлый образ Любви Николаевны навсегда сохранится в наших сердцах как пример человечности, преданности своему делу и искренней любви к людям.

Администрация школы, профсоюзный комитет и весь коллектив КГУ «ОШ № 6» выражают глубокие и искренние соболезнования родным и близким Любви Николаевны. Мы скорбим вместе с вами и разделяем боль невосполнимой утраты.

Светлая память.

Коллектив КГУ «ОШ № 6» с глубокой скорбью и болью сообщает о безвременной утрате — ушла из жизни лаборант кабинета физики Тютюгина Любовь Николаевна.

Любовь Николаевна была по-настоящему светлым, добрым и искренним человеком, чья душевная теплота и открытость притягивали к ней людей. Её отличали высокая эрудиция, широкий кругозор, глубокие знания и стремление постоянно развиваться. Она была человеком, к которому можно было обратиться по любому вопросу, и всегда получить грамотный совет, поддержку и участие.

Её жизненная позиция заключалась в готовности помогать другим. Любовь Николаевна никогда не оставалась в стороне от чужих трудностей, спешила на помощь коллегам, ученикам и всем, кто в ней нуждался. Безотказность, чуткость и внимание к людям снискали ей искреннюю любовь и уважение окружающих.

КОЛОНКА НОТАРИУСА

Нотариусы города Сарани сообщают, что 18.03.2026 г. открылось наследственное дело после умершей 30.12.2025 года Соловьёвой Галины Ивановны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 30.06.2026 г.

Нотариусы города Сарани сообщают, что 07.04.2026 г. открылось наследственное дело после умершей 30.03.2026 года Чумаковой Татьяны Игоревны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 30.09.2026 г.

Лицензия № 14018231 от 05.12.2014 года Министерства юстиции РК

Нотариусы города Сарани сообщают, что 02.04.2026 г. открылось наследственное дело после умершего 18.03.2026 года Загорнова Константина Николаевича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 18.09.2026 г.

Лицензия № 14005265 от 17.04.2014 года Министерства юстиции РК

Нотариусы города Сарани сообщают, что 29.03.2026 г. открылось наследственное дело после умершей 19.03.2014 года Пузановой Ольги Густавовны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани.

Лицензия № 0002086 от 31.12.2004 года Министерства юстиции РК

Нотариусы города Сарани сообщают, что 02.04.2026 г. открылось наследственное дело после умершей 19.03.2026 года Кислицыной Веры Владимировны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 19.09.2026 г.

Лицензия № 14005248 от 17.04.2014 года Министерства юстиции РК

Нотариусы города Сарани сообщают, что 07.04.2026 г. открылось наследственное дело после умершей 10.12.2025 года Татымбаевой Розы. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору города Сарани в срок до 10.06.2026 г.

Лицензия № 16002610 от 11.02.2016 года Министерства юстиции РК

В ГУ «Отдел образования города Сарани» действует телефон доверия: **5-06-01** по профилактике суицида несовершеннолетних.

РЕКЛАМА И ОБЪЯВЛЕНИЯ

УСЛУГИ

СТРОЙКА
СТРОИТЕЛЬСТВО И РЕМОНТ

- Дома с нуля, бани, беседки
- Хоз. блоки, веранды, пристройки
- Кровля крыш, металлочерепица
- Канализация, установка септиков
- Водоснабжение, отопление
- Фундамент, отмостки, сайдинг
- Заборы, ворота, калитки кованые
- Покраска и реставрация домов
- Реставрация и замена полов
- Туалет, ванная под ключ
- Внутренние работы любой сложности

БЫСТРО, КАЧЕСТВЕННО, НЕДОРОГО
ПЕНСИОНЕРАМ СКИДКА 15%
8-775-783-04-09, 8-708-520-95-10

УСЛУГИ

Строительно-отделочные работы всех видов.
Ремонт под ключ. Услуги сантехника, электрика.
Т.: +7-771-372-56-88 (WhatsApp Муратбек), +7-702-359-46-02.

УСЛУГИ

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперника, дезинфекция клещей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32. Т.: +7-775-406-08-17, 8-747-703-48-50 (Ирина).

ТРЕБУЕТСЯ

На постоянную работу в магазин продуктов требуется продавец. График работы: 2 через 2, с 08:00 до 22:00. Заработная плата за 1 рабочий день - 14.000 тенге. С опытом работы. Город Сарань. Тел.: 8-775-160-11-54.

**РЕКЛАМА
ОБЪЯВЛЕНИЯ
ПОЗДРАВЛЕНИЯ**

На LED-ЭКРАНЕ
в центре города

**ЕСЛИ ВЫ СТОЛКНУЛИСЬ С КОРРУПЦИЕЙ,
ЗВОНИТЕ ПО НОМЕРУ**

CALL-ЦЕНТР **1424** ЗВОНОК БЕСПЛАТНЫЙ

#ИЛАВАЙЗЯТКИ #НАРАБЕРМЕ

ХИМЧИСТКА

KARCHER

НА ДОМУ

**МЯГКОЙ МЕБЕЛИ
КОВРОВ
МАТРАСОВ**

- Работаем БЕЗ ВЫХОДНЫХ
- Антибактериальная обработка
- Устранение запахов
- Гипоаллергенные средства
- Уничтожение пылевых клещей

8(707)220-28-99

СВЕЖЕСТЬ И ЧИСТОТА
ПЫЛЕВЫЕ КЛЕЩИ
БАКТЕРИИ И ПЯТНА

ПРОДАЕТСЯ

Продаётся Лада Приора (хэтчбек), 2013 года!
Отличное состояние. Экономичный и надёжный автомобиль. Подходит как для города, так и для поездок. Машина на полном ходу (сел и поехал).
Цена: 1700000 тг (торг при осмотре)
Все вопросы по тел.: +7 702 844 4375



КГП на ПХВ «Саранком-мунсервис» сообщает, что 28 апреля 2026 г. В 11.00 ч., по адресу: г. Сарань, ул. Чкалова, 79/1 будет проводиться отчет перед потребителями о выполненных мероприятиях по реализации инвестиционной программы на услуги подачи воды и услуги по отводу сточных вод за 2 полугодие 2025 года. Приглашаем потребителей – жителей города принять участие.

**ПРОДАЕТСЯ ЭЛЕКТРОГЕНЕРАТОР
БЕНЗИНОВЫЙ HUTER DY 3000LX**

HÜTER

Напряжение 220В

- Напряжение 220В;
- Частота 50Гц;
- Бензин АИ - 92;
- Мощность 2,5 кВт.

ГЕНЕРАТОР Б/У, в отличном состоянии, ПРАКТИЧЕСКИ НЕ ИСПОЛЬЗОВАЛСЯ. ЗАВОДИТСЯ ПРИ ПОМОЩИ КЛЮЧА.

8 700 673 78 66

ТІЛДІҢ ИЕСІ – КЕШЕГІ ҚАЗАҚ, БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ БОЛАШАҚТАҒЫ ҚАЗАҚ



Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол бізге анамыздың ақ сүтімен бойымызға тараған, ана деген асыл сөзден бастау алған, ата – бабаларымыздың асыл қазына мұрасы. Қазақ тілі – ғасырды ғасырға, ұлылардың үзілмес ғұмырын жалғастырушысы десек те болады. Парасат пен ізгілік жолдарын айқындайтын рухани күш. «Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің», - десе де, алдымен туған еліміздің мемлекеттік тілін білу бізге міндет.

Әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілінде. Өз ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді деген сөз. Себебі, қазір көптеген жастар ана тілін дұрыс білмейді. Басқа тілдерді тез меңгерулеріне қарағанда, қазақ тілін ұзақ уақыт бойы меңгере алмаулары – көңіл күдігін ұлғайтады. Қазіргі жастар – ертеңгі біздің болашағымыз. Сондықтан да, басты мақсат – сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ ұрпақты ана тілін құрметтеуге баулу, тіл байлығын дамытып, кең қолдана алуына жағдай жасау, сауатты жазып, сөйлеулерін қадағалау, ұлтжанды тұлға етіп қалыптасты-

ру үшін барынша күш салып, еңбек ету мақсатын алға қою керек. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымыз, салт – санамыз бен дініміз, осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Туған тілдің абыройын асқақтату біздің борышымыз.

Атамыз С.Аманжолов: «Тіл – әр халықтың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінге жалғасқан ғұмырының ертеңге апарар мүддесін бейнелеуші, яғни бар тарихтың куәгері, деректі көзі» деген. Расымен қазақ халқы ұлт болып қалыптасқаннан бері қазақ тілі өмір сүріп келеді. Тілдің иесі – кешегі қазақ, бүгінгі қазақ және болашақтағы қазақ. Тіл – өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі. Сондықтан да, өз ана тіліміздің қадірін біліп, өз тілімізде дұрыс сөйлесе білу – қаны қазақ баласының бірден – бір міндеті болып табылады.

«Ана тілінде еркін сөйлеп, шын жүрегіңмен құрметтесең ғана, өзгелерге де ана тілінді құрметте аласың» – деп бабамыз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, ана тіліміз, қазақ тілі өркендеп, асқар шындардан көріне берсін!

Ж. ДЖУМАШЕВА,
Саран қаласының
Полиция бөлімі

Новых шахматных высот!



Четвертого апреля в Караганде прошел четвертьфинал III открытого первенства Сената Парламента Республики Казахстан по шахматам «Senat Open - 2026».

На площадке этого престижного и представительного турнира собрались депутаты маслихатов, государственные служащие, ветераны, сотрудники силовых структур, работники образования, культуры, здраво-

охранения Карагандинской области. Все – любители этой популярной интеллектуальной игры, поэтому среди участников царил особое оживление и приподнятое настроение. Но и накал страстей был довольно серьезный.

Наш город представляли лучшие шахматисты, прошедшие отборочные соревнования 1/8 финала: Багринцев Анатолий, Смаилов Сапар, Хисметов Евгений, Асанович Михаил, Гаршина Татьяна, Герасимов Николай, Лосев Игорь, Висмурадов Муса, Исмаилов Марат, Мұхамедназаров Жарылғапберді, Менекет Жайнагуль, Хильчук Сергей.

Стоит отметить, что саранские спортсмены показали очень высокий уровень шахматного мастерства и завоевали в сложной, напряженной и упорной борьбе 3 серебряных (Багринцев Анатолий, Гаршина Татьяна, Мұхамедназаров Жарылғапберді) и 1 бронзовую медаль (Герасимов Николай). В командном зачете команда Сарани заняла почетное третье место.

Поздравляем всех победителей и участников! Желаем новых шахматных высот!
Соб. инф.

ФИЛВОРД

ОТГАДАЙ СКОРЕЕ

ХУДОЖНИКИ

Х	А	К	В	А	П	Е	Й	И	С
У	С	Т	Ь	Р	Е	Л	З	Ф	К
Д	И	Т	Ю	Р	М	Ь	А	Л	У
О	К	А	Н	Я	О	Р	Ж	О	С
Ж	Н	И	К	Е	П	Т	А	М	С
Г	А	Л	Е	Р	А	Ь	С	В	Т
М	Л	С	Р	И	Л	Ш	Т	О	Т
О	О	Т	П	Р	И	А	Е	Р	Н
Л	Х	Р	Т	О	Т	У	Г	Ы	А
Ь	Б	Е	А	Д	Р	А	Т	А	Л

ОТЫЩИ ВСЕ СЛОВА И ОТМЕТЬ ИХ ГАЛОЧКОЙ.
Буквы соединяются по вертикали и горизонтали.

<input type="checkbox"/> ХУДОЖНИК	<input type="checkbox"/> ИСКУССТВО
<input type="checkbox"/> АКВАРЕЛЬ	<input type="checkbox"/> ПАЛИТРА
<input type="checkbox"/> ХОЛСТ	<input type="checkbox"/> ФЛОМАСТЕРЫ
<input type="checkbox"/> КИСТЬ	<input type="checkbox"/> ТАЛАНТ
<input type="checkbox"/> ГАЛЕРЕЯ	<input type="checkbox"/> НАТЮРМОРТ
<input type="checkbox"/> МОЛЬБЕРТ	<input type="checkbox"/> ПРИРОДА
<input type="checkbox"/> ПЕЙЗАЖ	<input type="checkbox"/> ГУАШЬ

Куда летит ракета?	У него крутые склоны	"Опыляет" стены краской	
Сильная хищная птица	Детский сад до 3 лет	... мой - враг мой	Дом Бабы Яги ... в сапогах
Дедушка "из-за леса, из-за гор"	Рабочий инструм. пастуха		Действие в пьесе
Транспорт пришельцев	Царский стул, кресло	Жёлуди для кабанов	Небольшой ресторанчик
	Написал книгу про Незнайку	Лист с выбором блюд в столовой	Сумчатый мишка, любящий эвкалипты
Новогод. хвойная красавица	Женская одежда	Над глазами у человека	